

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 45/1 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 желтоқсанда № 4033 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/70 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 16.03.2017 № 11/70 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда қызметкерлердің тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2%-дан 4%-ға дейінгі көлемде жұмыс орындары квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 21 қарашадағы
№ 45/1 қаулысына қосымша

Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (%) қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1.	"Қоммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	229	3	7

2. "Приозерск қаласының № 1 жалпы білім беру орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	121	3	4
3. "Приозерск қаласының "Достық" балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	76	2	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК